Қарағанды қалалық мәслихатында

ГАЗ АСПАПТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАРАЛДЫ

Қарағанды қалалық мәслихаты тұрақты комиссияларының бірлескен кезекті отырысы болып өтті. Оны мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов кіріспе сөзбен ашты. Отырысты мәслихаттың құрылыс, көлік және қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Төлеген Әшімов жүргізіп отырды.

Күн тәртібіндегі мәселе «Газ қондырғыларын пайдалану қауіпсіздігі» тақырыбында өтті. Отырыстың жұмысына Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттары, «Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі» ММ-нің басшысы Мұрат Камалиев, «Қарағанды қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің сектор меңгерушісі Дәурен Тишмагамбетов, сондай-ақ «Qazaqgaz Aimaq» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының өкілдері: жоспарлау техникалық бөлімінің бастығы Азат Мәтов және Қарағанды газ шаруашылығының бас инженері Саламат Әбжанов және басқалары қатысты.

Алғашқы сөзді Мұрат Камалиев алып, Қарағанды қаласын газдандырудың барысы жөнінде ақпарат берді.

Қаланы газдандыру жобасы 16 іске қосу кешені бар 4 кезектен тұрады. Оның бірінші кезегінде 527 километрден тұратын, 15 461 абонентті қамтитын 7 іске қосу кешені, екінші кезегінде 264,5 километрден тұратын, 6 688 абонентті қамтитын 4 іске қосу кешені, үшінші кезегінде 157 километрден тұратын, 4 235 абонентті қамтитын 2 іске қосу кешені, төртінші кезегінде 24,2 километрден тұратын, 2 250 абонементті қамтитын 3 іске қосу кешені бар. Мұның 3 іске қосу кешенінде жұмыс аяқталып, 6 076 жеке тұрғын үй құрылысына газ желісі қосылған. Қазан айының басында 3865 үй газ желісіне қосылып, газға қосу туралы 6205 ТУ берілген.

Өткен 2024 жылы республикалық, қалалық бюджеттерден және «Самұрық Қазына» АҚ бюджетінен 8,2 млрд. теңге бөлінген. Ал, биылғы 2025 жылы республикалық бюджеттен 7,8 млрд. теңге бөлінген болса, оның ішінде 7,2 млрд. теңге 4, 5, 6 іске қосу кешендеріне, 0,6 млрд. теңге екінші кезектің 7 іске қосу кешенін бастаға және 1, 2, 3, 4 іске қосу кешендеріндегі жұмысты жалғастыруға бөлінген.

Төртінші іске қосу кешенінде (Федоровка, Үлкен Михайловка) көптеген жұмыстар атқарылуда. Оныңішінде:

- жоғары қысымға шыдамды Ду-325 мм болат газ құбырлары дәнекерленіп, 3 134 метр жерге төселді;
- орта және төменгі қысымды болат газ құбырлары дәнекерленіп, 47,5 километр жерге төселді.

Абоненттерге шығу құбырларын монтаждау жұмыстары жалғасын тауып жатыр. Оларда 60 адам және 8 бірлік техника тартылған. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жыл аяғына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Жалпы монтаждалатын шығу құбырының саны – 1800 дана.

Бесінші іске қосу кешенінде:

- жоғары қысымды Ду-530 және 325 мм газ құбырлары монтаждалып, 9,8 километр жерге төселді:
- орта қысымды Д-63 және 315 мм газ құбырлары монтаждалып, 15,3 километр жерге төмелді.

Ескі әуежай маңында орамішілік газ таратушы тораптары 43 көшедегі 84 километр жерге монтаждалды. Оларда 25 адам жұмыс істеуде.

Желілер мен шкаптарды үрлеу және шаю жөніндегі жұмыстар жүргізіліп, қысым берілген объектілер қазірдің өзінде пайдалануға беріліп жатыр. Ішкі орам тораптарының жалпы саны – 2500 дана.

Алтыншы іске қосу кешені (Күнгей, Таугүл) бойынша жоғары қысымды d-219 мм және d-426 мм болат құбырларды дәнекерлеу жұмысы аяқталып, тиісінше 500 метр және 4 800 метр жерге төселді.

Оларда 15 адам және 5 бірлік техника жұмыс істеп жатыр.

Күнгей ықшам ауданындағы абоненттер санының ұлғаюына байланысты жобалау-сметалық құжаттарына түзету енгізу бойынша жұмыстар да жүргізілу үстінде. Сараптаманың қорытындысы жобамен осы қараша айында аяқталады деп күтілуде. Орамішілік газ таратушы тораптың саны – 3000 дана.

Бұдан соң газ таратушы өндірістік филиалдың өкілдері депутаттар қойған сұрақтарға жауап беріп, жалпы газ қондырғаларының қауіпсіздігі туралы айтып берді. Өйткені, газ қауіпсіздігі – ең басты мәселе екендігі белгілі. Соған орай орнатылған құбырларының келешекте қауіпсіз болуы өте маңызды болғандықтан, депутаттар да осы мәселеге ерекше көңіл бөлуге назар аударды.

Олар өз сөздерінде қоғам өздерінің тұтынушыларының қауіпсіздігі үшін жағдай жасап, табиғи газды қолданумен байланысты болатын тәуекелдерді барынша азайтуға күш салатындықтарын жеткізді. Өйткені, газды қауіпсіз пайдалану – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір тұтынушының міндеті болып табылады. Газ қондырғыларының иелері оның техникалық жағдайын үнемі тексеріп қарап отыруға және лицензиясы бар ұйымдармен келісім-шарт жасасуға, түтін жолдары мен желдеткіш каналдардың ақауының жоқтығын жылына екі рет тексеріп отыруға міндетті екендігін атап өтті.

Талқылау қорытындысы бойынша және енгізілген ұсыныстар нәтижесінде:

- қалада газ-техникалық инспекциясын құру мәселесін қарастыру;
- газ қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейте түсу мәселелері бойынша Қарағанды қаласының әкімдігіне ұсыныстар жасалды.

Бірлескен отырысты Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қорытындылады.

Сүйіндік Жанысбай